



2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль атауы	Кредиттердің жалпы саны	№	Пән атауы және №	Пәннің акад. кредит. саны	Цикл/Компонент
1	GES -1 Жалпы білім беретін пәндер	36	1	GES 101 Қазақстан тарихы	5	ЖБП/ МК
			2	GES 102 Философия	5	ЖБП/ МК
			3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ЖБП/ МК
			4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	8	ЖБП/ МК
			5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ЖБП/ МК
			6	1. GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ 2. GES 106/2 Экология және тұрақты даму 3. GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ 4. GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/ 5. GES 106/5 Эмоционалды интеллект 6. GES 106/6 Математикалық статистика негіздері 7. GES 106/7 Қаржылық сауаттылық	5	ЖБП/ ТК
			7	GES 106/8 Математикалық статистика негіздері	5	ЖБП/ ТК
2	GLC -2 Тілдік коммуникация	25	1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	10	ЖБП/ МК
			2	GLC 102 Шетел тілі	10	ЖБП/ МК
			3	GLC 203/1 Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі/ GLC 203/2 Академиялық жазылым	5	БП/ТК
3	GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер	21	1	GER 201 Инклюзивті білім беру	6	БП/ ЖК
			2	GER 402/2 Ғылыми зерттеулер негіздері	10	БП/ ЖК
			3	GER 303/1 Кәсіби этика және сәйкестік/ GER 303/2 Жасаңды интеллект негіздері	5	Бейіндеуші пән / ТК
4	ВРК – 4 Психологиялы	27	1	ВРК101 Жалпы және жас ерекшелік психологиясы	11	БП/ЖК
			2	ВРК202 Зоопсихология және	6	БП/ЖК



				салыстырмалы психология		
	қ білім негіздері		3	ВПК203 Психофизиология	6	БП/ЖК
			4	ТР104 Оқу практика	2	БП/ЖК
			5	ТР205 Оқу практика	2	БП/ЖК
5	BSP – 5 Әлеуметтік психология негіздері	25	1	BSP 201 Әлеуметтік психология	6	БП/ЖК
			2	BSP 202 Тұлға психологиясы	5	БП/ЖК
			3	BSP 203/1 Конфликтология негіздері/ BSP 203/2 Медиация негіздері	5	БП/ТК
			4	BSP204/1 Дифференциалды психология/ BSP 204/2 Тұлға типологиялары	5	БП/ТК
			5	РР 305 Өндірістік практика	4	БП/ЖК
6	ІРР – 6 Психологиялық практикаға кіріспе	30	1	ІРР 301/1 Тренингтік жұмыс негіздері/ ІРР 301/2 Коммуникативті құзыреттілік тренингі	5	Бейіндеуші пән/ТК
			2	ІРР 202 Психологиялық диагностика негіздері	5	Бейіндеуші пән/ЖК
			3	ІРР 303/1 Психотерапевтік техника негіздері/ ІРР 303/2 Психотерапия бойынша практикум	5	БП/ТК
			4	ІРР 304 Психологиялық кеңес беру негіздері	5	БП/ЖК
			5	ІРР 305/1 Отбасы және отбасылық қатынастар психологиясы/ ІРР 305/2 Отбасымен жұмыс жүргізудің психологиялық негіздері	5	БП/ТК
			6	РР 406 Өндірістік практика	5	Бейіндеуші пән/ЖК
7	РТЕ – 7 Оқыту және тәрбиелеу психологиясы	32	1	РТЕ 301/1 Педагогикалық психология/ РТЕ 301/2 Үлгермеуші оқушылар психологиясы	5	БП/ТК
			2	РТЕ 302/1 Арнайы психология/ РТЕ 302/2 Түзету психологиясы	6	Бейіндеуші пән/ТК
			3	РТЕ 303/1 Девиантология/ РТЕ 303/2 Виктимология	5	БП/ТК
			4	РТЕ 304/1 Заң психологиясы/ РТЕ 304/2 Саяси психология	5	Бейіндеуші пән/ТК
			5	РР 405 Өндірістік практика	11	Бейіндеуші пән/ЖК
8	ТІМР – 8 Медициналық психологияны ң өзекті	21	1	ТІМР 401 Медициналық психология	9	Бейіндеуші пән/ЖК
			2	ТІМР 302/1 Денсаулық психологиясы / ТІМР 302/2 Психосоматика	5	Бейіндеуші пән/ТК



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				бойынша практикум		
	мәселелері		3	ТІМР 303/1 Экстремалды және кризистік психология / ТІМР 303/2 Стресс психологиясы	5	Бейіндеуші пән/ТК
			4	РР404 Дипломалды (өндірістік) практика	2	Бейіндеуші пән/ЖК
9	Minor	15	1	Пән 1	5	БП/ТК
			2	Пән 2	5	БП/ТК
			3	Пән 3	5	БП/ТК
10	WDDP(P) Қорытынды аттестаттау	8	1	РР404 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ҚА
	Барлығы:				240	



2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	GES 101 Қазақстан тарихы	ЖБП/ МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі	ОН 2	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан
2	GES 102	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде	Рөлдік ойындар,	ОН 2;	Тест; эссе



	Философия			философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.	іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл	ОН 3	талқылау
3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.	Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау
4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты - денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады.	Демонстрациялық әдіс; тәжірибеге бағытталған әдіс; тренинг	ОН 1; ОН 2	бақылау нормативтері; дифф.сынақ
5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест, Жоба



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	технологиялар			ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.	(пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади		
6	GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	ЖБП/ ТК	5	Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер	ОН 1; ОН 2	Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан
	GES 106/2 Экология және тұрақты даму			«Экология және тұрақты даму» курсы студенттердің экологиялық дағдыларын дамытуға, заманауи экологиялық мәселелерді шешуге, қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты дамыту жолдарын қалыптастыруға, студенттердің экологиялық санасын және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Нәтижесінде студенттер экологиялық тенденцияларды талдау және басым бағыттарды қалыптастыру, табиғатты қорғау бойынша	Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі		Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

			<p>нақты міндеттерді қою арқылы өмірлік маңызды тұрақтылықты сақтауды үйренеді. Сондай-ақ студенттер қазіргі заманғы экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын, жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейде экологиялық проблемаларды шешудің практикалық тәсілдерін анықтай алады, сонымен қатар тұрақты даму мақсаттарына жету үшін табиғи ортаның сапасын басқарудың әртүрлі құралдарын қолдана алады.</p>			
	<p>GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері</p>		<p>Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады.</p>	<p>Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; Метод проектов</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Эсселер, презентация лар, жобалар, тест</p>
	<p>GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу</p>		<p>Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді. Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі.</p>	<p>Төңкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet тақта, канва қосымшасы, комикстер, кахоот, т.б.)</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Ауызша (кейстерди шешу)</p>
	<p>GES 106/5 Эмоционалды</p>		<p>Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым</p>	<p>Рөлдік ойындар; оқу</p>	<p>ОН2</p>	<p>Критериалды бағалау</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	интеллект			бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Әртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді.	дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі		әдісі; Жоба қорғау
	GES 106/6 Математикалық статистика негіздері			Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.	Түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2	Жазбаша емтихан
	GES 106/7 Қаржылық сауаттылық			Пән білім алушылардың қаржы жүйесі, қаржылық тәуекелдер, қаржы институттары және олардың өнімдері туралы білімдерін игеруге бағытталған. Нәтижесінде студенттер әртүрлі дерек көздерден қаржылық ақпаратты іздеуді, талдауды, түсінуді, бағалауды үйренеді және алған ақпаратты қаржылық мәселелерді шешу үшін пайдалана алады. Жалпы бұл курс қаржылық алаяқтықтың жоғары тәуекелі жағдайында білім алушыларда	Түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2	Тест



				сауатты, ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастырады.			
GLC-2 Тілдік коммуникация							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП/МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары	ОН 1; ОН 2	Тест
2	GLC 102 Шетел тілі	ЖБП/МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік, АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест
3	GLC 203/1 Академиялық мақсаттағы	БП/ТК	5	Пән студенттерде ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білімін қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2	Эссе



	ағылшын тілі			жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс дағдыларын дамытады.			
	GLC 203/2 Академиялық жазылым			Академиялық жазылым пәні білім алушыларды функционалды стиль түрлері мен ғылыми мақала жазу, салалық пәндік терминология, іс-қағаздарын жүргізу, академиялық сауаттылық дағдысын қалыптастырады. Сондай-ақ ғылыми баяндамалар жасауға, мәтіндерді кәсіби тұрғыдан талдай білуге, сыни ойлауға, плагиаттан сақтану жолдарын меңгертеді және ғылыми деректер қорынан ақпаратты табуға, жазба жұмысын жүйеліндіруге машықтанады.	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2	Эссе

GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер

Модуль сипаттамасы: Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен сәйкестендіреді және байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	GER 201 Инклюзивті білім беру	БП/ ЖК	6	Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жас ерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене	Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту,	ОН1	Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке презентация,



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады.	интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентациялар, реферат		топтық және жеке жоба, тест
2	GER 402/2 Ғылыми зерттеулер негіздері	БП/ ЖК	10	Пән болашақ маманның кәсіби қызығушылықтары аясында зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, қажетті құралдарды пайдалана отырып, өздерінің шағын көлемді (small-scale) зерттеулерін жобалауға және жүзеге асыруға қабілетті. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады.	Жариялау әдісі; пікір талас әдісі; кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади.	ОНЗ	Ауызша сауалнама, жазбаша емтихан
3	GER 303/1 Кәсіби этика және сәйкестік	Бейіндеуші пән / ТК	5	Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да қызмет аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына деген сүйіспеншілігін дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді.	Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади	ОН2; ОНЗ	Жазбаша емтихан



				Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.			
	GER 303/2 Жасанды интеллект негіздері			Бұл пәнді оқудың мақсаты – жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы теориялық білім мен дағдыларды және жасанды интеллекттің заманауи құралдары мен әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Студенттер AI туралы негізгі түсініктермен танысады; негізгі AI тұжырымдамалары мен әдістерін үйренеді; негізгі интеллектуалды бағдарламалық жүйелерде ЖИ ұсынылған теорияларын, әдістері мен принциптерін қолдану қабілетін алады.	Проблемалық дәріс, пікір-таластық дәріс, кейс-стади, жоба әдісі	ОН2; ОН3	Тест
<p>ВРК – 4 Психологиялық білім негіздері <i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль қазіргі кездегі психологияның әдіснамасын түсінуге, оның ғылымдар жүйесінде және қоғамдық практикада алатын орнын анықтауға, ғылым ретінде психологияға жалпы түсінік беруге мүмкіндік беретін пәндерден тұрады; негізгі базалық ұғымдармен, категориялармен, терминдермен таныстырады; психологияның маңызды салаларын ашып көрсетеді. «Жалпы және жас ерекшелігі психологиясы», «Зоопсихология және салыстырмалы психология», «Психофизиология» пәндерін қамтиды.</p>							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ВРК 101 Жалпы және жас ерекшелік психологиясы	БП/ЖК	11	«Жалпы және жас ерекшелік психологиясы» пәні студенттердің алдыңғы пәндерден алған барлық білімдерін жинақтайтын және кәсіби маман ретінде соңынан табысты қызмет ету үшін қажетті негіз болатын базалық циклдік пәндердің бірі болып табылады. Студенттер онтогенездің әртүрлі сатыларындағы адамның психикалық дамуының ерекшеліктерін талдайды; жас және өмірлік дағдарыстар мен оларды жеңудің жолдарын	- оқу пікір таластары; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Ауызша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				анықтайды; қазіргі ғылыми тұжырымдамаларға бағдарлана отырып, зерттеу және практикалық іс-әрекеттердегі жас ерекшелігі әдістерін қолданады.			
2	ВРК 202 Зоопсихология және салыстырмалы психология	БП/ЖК	10	Ұсынылып отырған пән жануарлар мен адам филогенезіндегі психиканың эволюциялық даму заңдылықтары мен механизмдері, негізгі сатылары туралы жүйелі түсініктер үшін қажетті білім мен дағдыларды зерттеп үйренуден тұрады. Бұл пән адам психикасының әр алуан көріністерін түсіну мен оны одан әрі зерттеп білуді жеңілдететін әдіснамалық және теориялық негіздер қалауға арналған.	- оқу пікір таластары; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Жазбаша емтихан
3	ВРК 203 Психофизиология	БП/ЖК	5	Ұсынылған курс адамның психикалық функцияларының негізгі нейрофизиологиялық механизмдерін қамтиды. Студенттерге отандық және шетелдік психофизиологияда дайындалған негізгі әдіснамалық бағыттарды түсіндіреді. Адамды зерттеудің негізгі заманауи әдістері (ЭЭГ, ТГР және т.б.) қолданылады. Іргелі және қолданбалы психологияның міндеттерін шешу үшін адамның психофизиологиялық параметрлері мен психологиялық сипаттамаларын бағалайды.	- оқу пікір таластары; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Ауызша емтихан
4	ТР 104 Оқу практикасы	БП/ЖК	2	Оқу практикасы алда тұрған өндірістік практикалар мен психологтың кәсіби қызметі үшін қажетті негіз болып табылады. Практика аясында студенттер әртүрлі бейінді мекемелердегі психолог қызметінің негізгі бағыттарымен танысады және кәсіби білімнің ақпараттық кеңістігіне бағдарланады; әртүрлі типтегі мекемелерде қызмет істейтін психологтың жұмысын құру жүйесін	- кейс-стади; - бақылау әдісі	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6	Жазбаша есеп



				талдайды: мақсаты мен міндеттерін, негізгі бағыттарын, жұмыс түрлері мен әдістерін; кәсіби ақпараттарды сақтаудың алуан түрлерін пайдаланады; ақпарат дереккөздерін жылдам іздеу мен олардың берілген тақырып үшін маңыздылығын талдаудың дағдыларын меңгереді; кәсіби әдепті игереді; болашақ мамандығына деген жағымды қатынасын көрсете алады.			
5	ТР 205 Оқу практикасы	БП/ЖК	2	Бұл практика негізгі білім беру бағдарламасын игеру барысында алынған теориялық білімдерін бекіту мен тереңдетуге бағытталған. Студенттер білім беру ұйымдары шеңберіндегі кәсіпорындар мен мекемелердің психологиялық қызметтерді ұйымдастыруымен (ережелерімен, басшыларымен, нұсқаулықтарымен), психологтардың міндеттерімен және зертханалар мен орталықтардың штаттық құрылымдарымен, халыққа психологиялық көмек көрсету бойынша консультациялармен танысуды жалғастырады; психологтардың қызметі мен мамандандырылған психологиялық мекемелердегі жұмыс жоспарларын талдайды; практикалық жұмысқа қатысушылармен (психологтармен, әдіскерлермен, оқытушылармен, әкімшіліктегілермен, ата-аналармен және т.б.) кәсіби қатынастар орнатады; психодиагностикалық құралдарды таңдайды: диагностика пәні мен мақсатына жауап беретін, сенімділігі мен жарамдылығы бар тиісті әдістер мен оған сай келетін әдіс-тәсілдерді таңдап алады.	- кейс-стади; - бақылау әдісі	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6	Жазбаша есеп

BSP – 5 Әлеуметтік психология негіздері Модульдің сипаттамасы: Модуль әлеуметтік қауымдастықтардағы, үлкен және кіші топтардағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен байланысты әртүрлі салалардағы психологтың жұмысына қажетті қазіргі кездегі бағыттарды ашып



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

көрсетеді; студенттер кәсіби жағдайлар мен процестердегі әлеуметтік-психологиялық мәселелерді бөліп шығарады; тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сапаларын анықтайды және өзінің болашақтағы тұлғалық даму көрінісін сыни тұрғыдан бағалайды; кәсіби іс-әрекеттердегі өзара әрекеттестіктер мен қолайлы қарым-қатынас стилін таңдап алады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	BSP 201 Әлеуметтік психология	БП/ЖК	6	Курста әлеуметтік психологияның әдіснамалық, теориялық және қолданбалы негіздері туралы іргелі білімдер қарастырылады. Студенттер қарым-қатынастың құрылымын, қызметі мен түрлерін, топтық динамика процестерін, тұлғаның әлеуметтену сатыларын, аттитютің қалыптасуын талдайды. Студенттер ғылыми немесе практикалық іс-әрекеттер үшін әлеуметтік-психологиялық әдістерді қолданады; социометрия әдіс-тәсілдері бойынша алынған нәтижелерді талдап түсіндіреді, топтың әлеуметтік-психологиялық ахуалын анықтайды, көшбасшылықты және оның түрлерін айқындайды; отбасылық тәрбиенің психологиялық аспектілерін түсіндіреді.	- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Жазбаша емтихан
2	BSP 202 Тұлға психологиясы	БП/ЖК	5	Бұл пәнді игеру социогенез бен персоногенез туралы түсініктерге, негізгі тұлға теорияларын білуге, тұлға психологиясының негізгі теориялық мәселелерін меңгеруге мүмкіндік береді. Студенттер тұлғаның онтогенез процесіндегі дамуы мен қалыптасуы туралы психологиялық теорияларды талдайды; қалыпты және психикалық деформация кезіндегі тұлғаның әр алуан қасиеттерінің дамуы мен қызмет ету динамикасын, өзгеруін бағалайды; отандық және шетелдік	- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН4, ОН5	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				психологиядағы тұлғаны сапалы және сандық бағалаудың әдістерін қолданады.			
3	BSP 203/1 Конфликтология негіздері	БП/ТК	5	Бұл курс студенттерде дау-жанжал құбылыстары, оның декекөздері, түрлері, диагностикалау әдістері, басқару мен шешу тәсілдері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған. Студенттер дау-жанжалды жағдайлар мен дау-жанжалдарды талдап, шешеді; дау-жанжалды жағдайлардың динамикасы мен нәтижелерін болжайды; кіші әлеуметтік топтар мен ұйымдардағы қақтығыстардың алдын-алудың кешенді іс-шараларын әзірлейді.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Жазбаша емтихан
4	BSP 203/2 Медиация негіздері			Курс аясында студенттер дау-жанжалдарды реттеу мен алдын-алу, табысты талдау ісіндегі медиацияның мәні мен әдістері, түрлері туралы заманауи түсініктерді қалыптастырады. Студенттер дау-жанжалдарға, оның ағымының түрлі кезеңдеріне араласуды жүзеге асырады; келіссөздерде делдал рөлінде әрекет етеді; қолда бар медиативтік құзыреттерге сүйеніп әлеуметтік ақпараттарды талдап түсіндіреді.			
5	BSP 204/1 Дифференциалды психология	БП/ТК	5	Ұсынылған курс дифференциалды психологияның пайда болу тарихын, оның негізгі теориялық және әдіснамалық қағидаларын зерттеп білуден тұрады. Студенттер индивидуалдылықтың психогенетикалық және психофизиологиялық негіздерін сипаттайды; индивидуалдылықтың негізгі құрылымшаларын, олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығын түсіндіреді; индивидуалдылықтың классикалық және заманауи тұжырымдамаларын ұштастырады; тұлға мен	- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН4; ОН5	Жазбаша емтихан



				<p>мінез типологиясының диагностикасы және психологиялық бақылаулар арқылы алынған нәтижелерді жинақтау мен бастапқы өңдеуді жүзеге асырады; эмпирикалық дифференциалды-психологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдап түсіндіреді.</p>			
	<p>BSP 204/2 Тұлға типологиясы</p>			<p>Бұл курста пәннің ұғымдық аппараттары, тұлға мен мінез типологиясының негізгі бағыттары, тұлғаның мінез акцентуациясының психодиагностикалық әдістері зерттеледі. Студенттер норма мен психикалық ауытқу кезіндегі акцентуациялар мен тұлғалық мінез бітістерін, темпераментті, мінезді, өзіндік сананы, тұлғаның индивидуалды-типологиялық қасиеттерін психологиялық диагностикалаудың әдістерін қолданады; тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтап, талдап түсіндіреді; топтардағы (оқу, кәсіби) тиімді өзара әрекеттестікті ұйымдастыруды жоспарлайды.</p>			
6	<p>PP 305 Өндірістік практика</p>	БП/ЖК	4	<p>Өндірістік практика болашақ психологтың кәсіби даярлығының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Ол білім алушылардың кәсіптік-практикалық даярлығы аясындағы практикалық дағдылар мен ептіліктерді қалыптастыруға, алдыңғы практикаларда (оқу) алған дағдылары мен ептіліктерін бекітуге бағытталған. Студенттер кәсіби циклдің пәндері бойынша алған теориялық білімдерін бекітіп, тереңдетеді; болашақ кәсіби қызметінің тұтастай бейнесін жасайды; психологтың әртүрлі санаттағы адамдармен жұмыс істеу технологияларын, әдістерін, тәсілдері</p>	<p>- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі; - бақылау әдісі</p>	<p>ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН9; ОН11; ОН12</p>	<p>Жазбаша есеп</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
				мен құралдарын практикада қолданады; психологтың іс-әрекетін жоспарлау мен ұйымдастырудың практикалық дағдылары мен ептіліктерін игереді; психологтың кәсіби ұстанымын, дүниетанымын, мінез-құлық стилін қалыптастырады, психологтың кәсіби әдебін қолданып үйренеді.			
<p>ІРР – 6 Психологиялық практикаға кіріспе <i>Модульдің сипаттамасы:</i> Модуль психолог қызметінің әр алуан практикалық салаларына арналған: «Тренингтік жұмыстар негіздері», «Коммуникативтік құзыреттілік тренингтері», «Психологиялық диагностика негіздері», «Психотерапевтік техника негіздері», «Психотерапия практикумы», «Психологиялық кеңес беру негіздері», «Психотерапия және кеңес беру практикумы», «Отбасы және отбасылық қатынастар психологиясы», «Отбасымен жұмыстың психологиялық негіздері» және консультативтік, психокоррекциялық жұмыстарды, араласу технологияларын, сондай-ақ әрбір бағыт аясында профилактика элементтерін (профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды) ашып көрсетеді. Психологиялық практиканың әр алуан бағыттары туралы студенттердің тұтас әдіснамалық-әдістемелік түсініктерін қалыптастырады.</p>							
1	ІРР 301/1 Тренингтік жұмыс негіздері	Бейіндеуші пән/ТК	5	Курс аясында студенттер психологиялық тренингтің жалпы сипаттамасы мен даму тарихын оқып үйренеді; негізгі тренингтік әдістерді меңгереді (топтық пікірталас, ойын әдістері, психогимнастика және т.б.); әлеуметтік-психологиялық оқытуда оқытудың белсенді әдістерін қолданудың заңдылықтарын сипаттайды; әлеуметтік және тұлғалық мәртебесі мен дамуындағы бұзылыстар мен ауытқулардың алдын-алу мақсатында психологиялық тренинг бағдарламаларын әзірлейді және оны жүзеге асырады.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН11; ОН12	Портфолио қорғау
	ІРР 301/2 Коммуникативті			Курста қарым-қатынастағы тренинг мәселесін оқып үйренудің теориялық және әдіснамалық			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	құзіреттілік тренингі			бағыттары қарастырылады. Студенттер тренингтік сабақты ұйымдастырудың ерекшеліктерін оқытудың әлеуметтік-белсенді түрі мен әдісі ретінде талдайды; тұлғалық мәселелерді шешу үшін тренингте қолданылатын әртүрлі техникалар мен тәсілдерді пайдаланады; коммуникация процесінде эмоционалды өзін-өзі реттеуді меңгереді; теориялық білімдерді практикалық кәсіби іс-әрекетке тасымалдап, құрылымдайды және психологиялық сауатты түрлендіреді; коммуникативтік тренинг бағдарламаларын әзірлейді.			
2	ІРР 202 Психологиялық диагностика негіздері	Бейіндеу ші пән/ЖК	5	Студенттер өз іс-әрекетінде халықаралық практика мен Қазақ психологиялық қоғамы қабылдаған кәсіби-этикалық нормалардың сақталуын құндылық ретінде қабылдайды. Студенттер диагностикалық және түзете-дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін бекітілген стандартты әдістер мен технологияларды қолданады; психологиялық бақылаулар мен диагностиканың нәтижелерін талдап, өңдейді; психологиялық көмек көрсету жағдайында психодиагностикалық процесті көмекке жүгінген адамның индивидуалды ерекшеліктері мен психикалық мәртебесін ескере отырып құрастырады.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН7; ОН11; ОН12	Портфолио қорғау
3	ІРР 303/1 Психотерапевтік техника негіздері	БП/ТК	5	Курс аясында студенттер қазіргі заманғы отандық және шетелдік психотерапиялық ғылымның негізгі теориялық бағыттарын оқып үйренеді. Сонымен қатар, студенттер психотерапияның негізгі бағыттарын ажыратады: психодинамикалық, когнитивті-мінез-құлықтық, экзистенциалды-	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН7;	Кейс қорғау



				гуманистік; психотерапиялық әдістер мен техникалардың әсер ету механизмдерін түсінеді; жас кезеңдерінің ерекшеліктерін, даму дағдарыстарын, тәуекел факторларын ескере отырып, нормадағы адамның әр алуан іс-әрекетіндегі кәсіби тәуекелдердің алдын алуға бағытталған жеке психотерапиялық бағдарламаларды әзірлейді.			
	ІРР 303/2 Психотерапия бойынша практикум		5	Бұл курс психотерапиялық іс-әрекеттің негізгі дағдылары мен тәсілдерін студенттердің меңгеруіне бағытталған. Студенттер адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде кездесетін психологиялық мәселелерді анықтап, индивидтермен, топтармен, мекемелермен, әртүрлі субмәдени орта өкілдерімен жұмыс істеуде психологиялық кеңес берудің, психопрофилактиканың, оңалту мен психотерапияның әдістерін қолданады; оқу-тәрбие процесінің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдайды; психологиялық сараптамалық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, нормативтік-құқықтық құжаттарға сай қорытынды жасайды.		ОН11; ОН12	
4	ІРР 304 Психологиялық кеңес беру негіздері	БП/ЖК	5	Бұл курс психологиялық кеңес беруді ұйымдастыру мен өткізудің ғылыми-теориялық негіздерін және практикалық бағыттарын оқып үйренуге бағытталған. Студенттер кеңес берудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдап, стратегиясы мен тактикасын анықтайды; клиенттермен жұмыс істегенде әдептілік нормалары мен ережелерді қолданады; клиенттердің типтік сұраныстарын талдайды; кеңес беру әңгімесін жүргізудің техникаларын	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН7; ОН9; ОН11; ОН12	Кейс қорғау



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				таңдап алады; психологиялық кеңес беру бағдарламаларын әзірлейді.			
5	IPP 305/1 Отбасы және отбасылық қатынастар психологиясы	БП/ТК	5	Бұл курс отбасының психологиясы саласындағы негізгі теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелер туралы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер әлеуметтік жүйе ретіндегі отбасының негізгі тұжырымдамаларын, оның типологиясы мен құрылымын салыстырады; отбасылық қатынастарды диагностикалаудың әдістерін практикада қолданады; неке және отбасы мәселелері бойынша кеңес беру процесін жүргізудің тәсілдерін даралап ажыратады; отбасылық дау-жанжалдардағы адамдардың түзу мінез-құлқын қалыптастырудың психологиялық аспектілерін талдайды.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН7; ОН11; ОН12	Портфолио қорғау
	IPP 305/2 Отбасымен жұмыс жүргізудің психологиялық негіздері		5	Ұсынылған курс отбасы мәселелерін түсіну мен ата-ана болуды қалыптастыру жөніндегі теориялық бағыттарды оқып үйренуден тұрады. Студенттер отбасын оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін талдайды; ерлі-зайыптылар мен балалық-ата-аналық қатынастарға психодиагностикалық зерттеу жүргізудің жолдарын жоспарлайды; отбасына зерттеу жүргізу үшін проективті әдістерге іріктеу жүргізеді; отбасының бір және барлық мүшелерінің сұранысы бойынша кеңес береді; мінез-құлықтық отбасылық психотерапия бағытында тренингтік сабақтар жүргізудің жоспарын жасайды.			
6	PP 406 Өндірістік практика	Бейіндеуші пән/ЖК	5	Өндірістік практика жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттерді дамытуға бағытталған. Студенттер әлеуметтік және білім беру мекемелерінің әртүрлі	- оқу пікірталастары; - кейс-стади;	ОН1; ОН2; ОН3;	Жазбаша есеп



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				типтеріндегі психологиялық қызметтің, практикалық психологтың іс-әрекетті ұйымдастыруы мен бағытының қазіргі кездегі жағдайы туралы тұтас түсініктер қалыптастырады; оның дербес еңбек іс-әрекетіне дайындығын тексеріп, практикалық іс-әрекеттегі психология ғылымының теориялық негіздерін меңгеру барысында алған алғашқы кәсіби білімдері мен дағдыларын, ептіліктерін бекітеді.	- жоба әдісі; - бақылау әдісі	ОН4; ОН5; ОН7; ОН11; ОН12	
<p>РТЕ – 7 Оқыту мен тәрбиелеу психологиясы <i>Модульдің сипаттамасы:</i> Модуль заманауи білім беру бағыттарына бағдарлау мен оларды кәсіби іс-әрекеттің әр алуан түрлері аясында іске асыру қабілетін қалыптастыруға, оқытуда оқу материалдарын жүйелі құрастыруды, оқу сабақтарын жобалауды, оқу топтарында коммуникация мен өзара әрекеттестікті ұйымдастыруды, оқытудың тиімділігін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруға бағытталған.</p>							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсаты ОН	Бағалау әдістері
1	РТЕ 301/1 Педагогикалық психология	БП/ТК	5	Курста білім алушылардың тұлғалық және кәсіби дамуының қазіргі кездегі тұжырымдамалары мен әдіснамалық бағыттары қарастырылады. Студенттер білім беру, тәрбие, оқу және педагогикалық іс-әрекеттерді талдайды; оқу-педагогикалық қызметтестік пен қарым-қатынасты ұйымдастырады; оқу, тәрбие, педагогикалық процестерді психологиялық сүйемелдеудің тәсілдерін жалпылайды; қазіргі кездегі білім беру мен тәрбиелеу технологиясын, сондай-ақ білім алушылардың жеке, жастық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және педагогикалық іс-әрекетті жобалайды.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7	Жазбаша емтихан
	РТЕ 301/2 Үлгермеуші			Бұл курста үлгермеушілік ұғымын анықтаудың теориялық бағыттары қарастырылады. Студенттер			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	оқушылар психологиясы			үлгермеушіліктің факторлары мен себептерін жіктейді; кіші мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінің құрылымдық құрамдас бөліктерінің қалыптасуын бағалайды; білім беру ұйымдарындағы педагогикалық процестің тиімділігін талдайды; оқушылардың үлгерімсіздігінің психологиялық-педагогикалық себептерін диагностикалайды; оқушылардың үлгерімсіздігін жою мен алдын-алу жұмыстары бойынша жеке және топтық түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлейді.			
2	РТЕ 302/1 Арнайы психология	Бейіндеу ші пән/ТК	6	Студенттер мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалардың қазіргі даму үрдісін оқып үйренеді; мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жағдайларын жасау үшін әртүрлі бейіндегі мамандар тобында жұмыс жоспарлайды; мүмкіндігі шектеулі адамдардың психикалық дамуының диагностикалық және болжамды көрсеткіштерін анықтайды; жеткіншектер мен балалардағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу үшін индивидуалды түзету бағдарламаларын жобалап, ұсыныстар жасайды; психофизикалық дамуы бұзылған балаларды тәрбиелейтін қоғамдық және отбасылық тәрбиенің байланысын түсінеді.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6	Жазбаша емтихан
	РТЕ 302/2 Түзету психологиясы		Ұсынылған курс түзету психологиясының қазіргі кездегі даму үрдісін қамтиды. Студенттер дамуында әртүрлі ауытқуы бар балалардың білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін талдайды; жеке түзету жұмыстарының нәтижелері				



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				мен оқудағы қиындықтарды талдау арқылы оқушыларға сипаттама жасайды; оқушылардың жеке ісімен және медициналық картасымен жұмыс істейді; психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия үшін материалдар дайындайды; ерекше білім беруді қажет ететін балаларға толықтырып білім беру бағдарламаларын жобалайды.			
3	РТЕ 303/1 Девиантология			Курс аясында студенттер ауытқыған мінез-құлық мәселелері туралы ғылыми бағыттарға шолу жасайды: тұжырымдамаларды талдайды, критерийлер мен көрсеткіштерді жіктеп, негізгі түрлерін анықтайды, тұлғаның девиантты мінез-құлқын диагностикалау мен түзетудің әдістері мен технологияларын қолданады; қазіргі қоғамдағы девиантты мінез-құлық мәселесін шешудің практикалық тәжірибелерін жинақтайды; ауытқуды пәндік өрісте зерттеуді ұйымдастырады.			
	РТЕ 303/2 Виктимология	БП/ТК	5	Студенттер виктимологияның жалпы теориялық негіздерін талдайды; шетелдік виктимологиялық тәжірибелерді практикада қолданып, оларды отандық құқық қорғау жүйесінде пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастырады; виктимологиялық терминдерді ажыратып таниды: «құрбаны», «жәбірленуші», «құрбандыққа айналу», «құрбандыққа бейімділік»; қылмыскер мен құрбандық арасындағы тұлға аралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; виктимологиялық жағдайлардағы дау-жанжалдарды шешеді; витимологиялық профилактиканың өрлеу бағытын анықтайды.	- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН8	Жазбаша емтихан



	РТЕ 304/1 Заң психологиясы			Курс аясында студенттер заң психологияның негізгі теориялық ұғымдары мен категорияларын оқып үйренеді. Психологиялық білімдерді заң қызметінде қолданудың құқықтық негіздерін талдайды. Студенттер заңгердің күнделікті кәсіби міндеттерді шешуде заң психологиясының ғылыми негізделген ұсыныстарын қолданады; кәсіби заң қызметі саласында заң психологиясының жетістіктерін практикалық қолданудың дағдыларын жетілдіреді.			
4	РТЕ 304/2 Саяси психология	Бейіндеу ші пән/ТК	5	Бұл курс саяси психологияның категориялық-ұғымдық аппаратын оқып үйренуге бағытталған. Студенттер саяси мінез-құлықтың бұқаралық аспектілері туралы жүйелі білімді меңгереді; саяси процестердің тұлғалық аспектілерін талдайды; саяси партиялық белсенділікті бағалайды; сайлау мінез-құлқының ерекшеліктерін түсіндіреді; саяси процестердің саяси-психологиялық аспектілерін талдаудың қазіргі кездегі тұжырымдамалары мен әдістерін ажыратады; психологияның басқа да қолданбалы салаларында ғылыми және практикалық міндеттерді шешу үшін саяси психологиялық білімді қолданады.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН11; ОН12	Жазбаша емтихан
5	РР 405 Өндірістік практика	Бейіндеу ші пән/ЖК	11	Практиканың бұл түрінде олардың теориялық білімдері тереңдетіліп, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізудің, әлеуметтік көмек көрсету мен диагностика, психологиялық кеңес беру жүйелерін нормативтік-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету құжаттарын әзірлеудің практикалық дағдылары бекітіледі. Студенттер практикалық мәселені бөліп алып талдайды, кәсіби	- кейс-стади; - жоба әдісі; - бақылау әдісі	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН8;	Жазбаша есеп



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				міндеттерді шешу мен оны талдау үшін қажетті ақпараттарды іздей алады, қойылған мәселені зерттеудің әдістерін негізбен таңдап алып, кәсіби және іскерлік қарым-қатынас орнатады және оны сүйемелдейді.		ОН9; ОН10; ОН11; ОН12	
<p>ТІМР – 9 Медициналық психологияның өзекті мәселелері <i>Модульдің сипаттамасы:</i> Модуль кәсіби білімнің негізін қалауға және норма мен патологиядағы психикалық процестерді де және адамның психикалық ресурстарын, оның бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға, психикалық дамуды үйлестіруге, денсаулықты қорғауға, сыртқатты жеңуге және психологиялық оңалту мен түзетуге бағытталған практикалық салаларды да оқып үйренуге арналған. Модуль «Медициналық психология», «Денсаулық психологиясы», Психосоматика практикумы», «Экстремалды және дағдарыс психологиясы», «Стресс психологиясы» пәндерінен тұрады.</p>							
1	ТІМР 401 Медициналық психология	Бейіндеуші пән/ЖК	9	Студенттер қазіргі медициналық психологияның әдіснамалық мәселелерін оқып үйренеді; әртүрлі патологиялық жағдайлар мен даму ауытқуы кезіндегі психикалық іс-әрекеттің қалпына келуі мен өзгеруінің жалпы және жеке психологиялық заңдылықтарын талдайды; әртүрлі аурулардың шығу тегінің алдын алу мен оңалтудағы тұлға аралық қатынастар мен психикалық дамуды үйлестіру, тұлғаның бейімделгіштік ресурстарын арттыру мүмкіндіктерін бағалайды; қоғамның өзекті мәселелеріне бағдарлана отырып, медициналық-психологиялық зерттеулер жүргізеді; психологиялық диагностика мен психологиялық әсер ету әдістерін бейімдейді.	- оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН10	Жазбаша емтихан
2	ТІМР 302/1 Денсаулық психологиясы	Бейіндеуші пән/ТК	5	Курс аясында студенттер денсаулық психологиясының заманауи мәселелерін оқып үйренеді; алған білімдерін адам денсаулығының теріс бағытта дамуының алдын алу процесінде қолданады; тұлғаның психологиялық портретін жасайды; әл-ауқаттың психологиялық кедергілерін анықтайды; тұлғаны психологиялық қорғаудың	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН9; ОН10	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				<p>типологиялық ерекшеліктерін диагностикалайды; адамның денсаулық жағдайын, жыныстық, жастық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке бағдарланған сауықтыру бағдарламаларын әзірлейді.</p> <p>Курста студенттердің соматоформды және психосоматикалық аурулармен ауыратын науқастармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Студенттер психосоматикалық ауруы бар пациенттермен жұмыс істеуде клиникалық-психологиялық бағытты таңдап алады; психосоматикалық бұзылыстар белгілері қалыптасуының психологиялық механизмдері туралы болжамдар жасайды; психосоматикалық бұзылыстарды диагностикалау мен түзетудің әдістерін қолданады; психосоматикалық ауруы бар пациенттер психотерапиясының заманауи әдістерін ажыратады; эксперименттік-психологиялық зерттеу қорытындыларын жасау дағдыларын меңгереді.</p>			
3	ТІМР 303/1 Экстремалды және кризистік психология	Бейіндеуші пән/ЖК	5	<p>Бұл курста экстремалды психологияның негізгі ұғымдары мен категориялары зерттеледі. Студенттер экстремалды, дағдарыстық және төтенше жағдайлардың белгілерін анықтайды; психикалық күйлерді өзіндік реттеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады; экстремалды күйлердің даму болжамын түсіндіреді; дағдарыстық жағдайлардан туындайтын психикалық күйлердің диагностикалық критерийлерін тұжырымдайды; экстремалды жағдайларды меңгерудің</p>	<p>- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі</p>	ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН8; ОН9; ОН10	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				стратегияларын (coping-стратегияларын) пайдаланады; төтенше жағдайға тап болған адамдарға психологиялық көмек көрсетеді.			
	ТИМР 303/2 Стресс психологиясы			Ұсынылған курс стресс ұғымына қатысты негізгі теориялық бағыттарды оқып үйренуден тұрады. Студенттер стрессогендік факторлар мен жағдайларды жүйелейді; кәсіби стресстің әралуан түрлері мен формаларын ажыратады; стрессті түзету мен оның психологиялық алдын алудың құралдары мен тәсілдерін қолданады; стрессогендік күйлерді түзетуге арналған тренингтік бағдарламаларды құрудың сұлбасын жасайды; оқу курсы аясында игерілген стрессті басқарудың қолданбалы бағдарламаларын жүзеге асырады.			
4	PP404 Диплом алды (өндірістік) практика	Бейіндеуші пән/ЖК	2	Практика аясында студенттер ҚазҰлтҚызПУ оқу кезінде алған теориялық білімдері мен практиканың алдыңғы түрлерінен өту кезінде жинақтаған практикалық дағдыларын пайдалану арқылы таңдап алған тақырыпқа сай дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен қорғаудың нақты міндеттерін шешеді. Студенттер теориялық және эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырады, математикалық-статистикалық талдаудың негізгі әдістерін қолданып, әртүрлі кәсіби міндеттерді шешу кезінде алған мәліметтерді өңдейді.	- рөлдік ойындар; - оқу пікірталастары; - кейс-стади; - жоба әдісі	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6; ОН7; ОН8; ОН9; ОН10; ОН11; ОН12	Жазбаша есеп
1	WDDP(P)PCE401 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу	ҚА	8				



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру						
--	--	--	--	--	--	--	--



NJSC «KAZAKH NATIONAL WOMEN TEACHER TRAINING UNIVERSITY»
Institute of pedagogy and psychology



NJSC «KAZAKH NATIONAL WOMEN TEACHER TRAINING UNIVERSITY»
Institute of pedagogy and psychology